ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«17» қаңтар 2018 ж./г. № 10-НҚ

Қызылорда қаласы город Кызылорда

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын және өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 28.12.2017 жылы №309-НҚ» және 29.12.2017 жылғы № 328-НҚ бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 61-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаевтың ағымдағы жылдың 14-19 қаңтар аралығында іссапарда болуына байланысты басқарманың «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысы мен өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 28.12.2017 жылғы №309-НҚ және 29.12.2017 жылғы №328-НҚ бұйрықтарына төмендегідей өзгерістер енгізілсін.

- «Төреңөзек кентінде АГТС бар «Бейнеу-Шымкент» магистралды газ құбырынан газ құбыры-бұру салу» жұмысы бойынша конкурстық комиссиясының төрағасы – «**Қызылорда облысының әкімі – Көшербаев Қырымбек Елеуұлы**» деген сөздер «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы **Жоламанов Ерлан Ералыұлы**» деген сөздерге ауыстырылсын.

- «Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесі бойындағы №2 кварталда 600 орындық мектеп салу» жұмысы бойынша конкурстық комиссиясының төрағасы – «**Қызылорда облысының әкімі – Көшербаев Қырымбек Елеуұлы**» деген сөздер «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы **Нұрмағанбетов Арнұр Әлібекұлы**» деген сөздерге ауыстырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысының орынбасары Т.Исмағұловқа тапсырылсын.

000296

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негізі: Қызылорда облысы әкімінің 12.01.2018 жылғы №735-Ө өкімі, Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының 16.01.2018 жылғы №04-06/130 және Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының 16.01.2018 жылғы №02-40/162 хаттары.

Басқарма басшысы **Ж. Ерсейтова**